«Менің Отаным – Қазақстан» жас патриоттар форумының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін күні: 2026 жылғы 20 қараша

Өтетін орны: Абай облысы, Семей қаласы, Әуезов даңғылы, 95 («Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» РММ Семей қаласындағы филиалы)

Қатысушылар: Абай облысының қалалық және аудандық білім бөлімдерінің әскери-патриоттық тәрбие бағыты бойынша әдіскерлері, бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушылары, офицер-тәрбиешілер, «Жас Ұлан» және «Жас Айбын» әскери-патриоттық клубтарының тәрбиеленушілері.

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әскери-патриоттық тәрбие жүйесін нығайту, ел тарихына құрметпен қарауға және Отан алдындағы азаматтық жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Уақыты	Іс-шаралар мазмұны
09:00 – 09:20	Қатысушыларды тіркеу, құрметті қонақтар мен ардагерлерді қарсы алу *(«Жас Ұлан» мамандандырылған ерлер мектеп-лицей-интернатының тәрбиеленушілері)*
09:20 – 09:50	«Ерлік тарихы – ұрпаққа өнеге» атты музейлік-танымдық экскурсия және қару-жарақ көрмесімен танысу
09:50 – 10:00	Форум қатысушылары мен қонақтарын залға орналастыру
10:00 – 10:15	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты түрде енгізу және әскери оркестрдің сүйемелдеуімен Мемлекеттік Әнұранды орындау
10:15 – 10:20	«Бұл біздің жер!» хор композициясы *(«ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» РММ Семей қаласындағы филиалының «Жас Айбын» клубы)*
10:20 – 10:25	«Елін сүйген – ертеңін ойлаған!» атты патриоттық бейнеролик көрсетілімі
10:25 – 10:35	Форумның салтанатты ашылуы. Қатысушыларды ардагерлермен және құрметті қонақтармен таныстыру

10:35 – 11:20	**Құттықтау сөздер:** – Абай облысы әкімінің орынбасары; – «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының өкілі; – Абай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі; – Абай облысының төтенше жағдайлар департаментінің өкілі; – Абай облысының полиция департаментінің өкілі; – Абай облысының білім басқармасының өкілі; – Абай облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының өкілі.
11:20 – 12:00	**Марапаттау рәсімі:** 1. Абай облысының аудандары мен қалаларында мамандандырылған «Жас Айбын» сыныптарының ашылуына қолдау көрсетіп, үлес қосқан білім беру ұйымдарының басшылары мен жетекшілерін марапаттау; 2. Халықаралық және республикалық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген жеңімпаздарға «Жалынды жас патриот» төсбелгісін табыстау.
12:00 – 12:30	«Отаным – алтын бесігім!» атты мерекелік концерттік бағдарлама
12:30 – 12:40	Форум жұмысын қорытындылау және жабылу рәсімі
12:40 – 13:00	Жалпы естелік фотосуретке түсу